

***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
2019 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН  
ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН  
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ***

**Ақтөбе  
2018**

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті**

**ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

**АНЫҚТАМА-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
2019 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН  
ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН  
КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

**Ақтөбе 2018**

**Басылымға жауапты:  
Кітапхана директоры**

**Мазылбекова И.У.**

**Құрастырған:  
библиограф**

**Шаншарова Г.И.**

## АЛҒЫ СӨЗ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ғылыми кітапханасының анықтама-библиографиялық бөлімі 2019 жылға арналған «Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша 2019 жылы аталып өтілетін және еске алатын күндер тізбегін» дайындап шығарды.

Күнтізбеге жалпыхалықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалар, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал қайраткерлердің, ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары енгізілді. Сонымен қатар, қазақстандық Кеңес Одағы Батырларының мерейтойлық күндері, Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндер берілген.

Күнтізбе жылдың әрбір айы бойынша хронологиялық ретпен жүйеленген. «Туған күні, айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған. Жұлдызшамен (\*) белгіленген күндерге қысқаша анықтама жазылды. Көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген.

Күнтізбе кітапханалар мен мәдени мекемелерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және көпшілік оқырмандарға арналған.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ  
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ТІЗБЕГІ**

**ҚАҢТАР**

- 1 қаңтар**                    **Мәмбетов Ізтай Тілеуұлы**, ақын, туғанына 90 жыл (1929-1974)
- 1 қаңтар\***                    **Нұралин Қызмет**, ақын, туғанына 80 жыл (1939)
- 1 қаңтар**                    **Қастеев Әділхан**, қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы, туғанына 115 жыл (1904 —1973 жж.)
- 2 қаңтар**                    **Сағатов Мансұр**, композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасының халық әртісі, туғанына 80 жыл (1939-2002)
- 22 қаңтар\***                    **Сейітов Асылбек Жұманұлы**, Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, туғанына 125 жыл (1894-1937)
- 24 қаңтар**                    **Мұсабекова Әйкен**, актриса, әнші, Қазақстанның халық әртісі, туғанына 100 жыл (1919-1992)
- 25 қаңтар**                    **Пангереев Абат Шамұлы**, филолог, әдебиеттанушы, туғанына 60 жыл (1959)



## АҚПАН

- 4 ақпан\***                    **Жұбанов Болат Ахметұлы**, химик, ҚР ҰҒА-ның академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 90 жыл (1929-2014)
- 4 ақпан\***                    **Тәжібаев Әбділдә**, ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым. Филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, туғанына 110 жыл (1909-1998)
- 10 ақпан**                    **Абдуллин Хамза Жармұхамедұлы**, ақын туғанына 100 жыл (1919-2001)
- 12 ақпан**                    **Ғаббасұлы Совет-Хан**, жазушы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 80 жыл (1939)
- 15 ақпан**                    **Айманов Шәкен Кенжетайұлы**, қазақтың әйгілі актері, режиссер. КСРО халық әртісі, туғанына 105 жыл (1914-1970)
- 18 ақпан**                    **Дербісалин Әнуар Жақсығалиұлы**, ғалым, филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, туғанына 90 жыл (1929-1986)
- 21 ақпан\***                    **Бабажанұлы Бауыржан**, ақын, журналист, туғанына 50 жыл (1969)



## НАУРЫЗ

- 8 наурыз\***      **Өмірзақова Әмина Ерғожақызы**, театр және кино актрисасы, Қазақстан Республикасының халық әртісі, туғанына 100 жыл (1919-2006)
- 16 наурыз\***      **Найманбаев Қалдарбек Найманбайұлы**, жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, туғанына 80 жыл (1939-2004)
- 17 наурыз**      «Кедей» (Ақтөбе) газетінің шыға бастағанына 95 жыл (1924)
- 20 наурыз**      **Затаевич Александр Викторович**, композитор, этнограф, Қазақстан Республикасының халық әртісі, туғанына 150 жыл (1869-1936)
- 22 наурыз**      **Кәрменов Жәнібек**, әнші, жазушы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі, туғанына 70 жыл (1949-1992)
- 23 наурыз**      **Байбекұлы Әйтеке би**, мемлекет қайраткері, туғанына 375 жыл (1644-1700)
- 30 наурыз**      **Арыстанбеков Хайдар Арыстанбекұлы**, экономист, ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 100 жыл (1919-2008)

## СӘУІР

- 1 сәуір**      **Салғарин Қойшығара**, жазушы, туғанына 80 жыл (1939)



- 1 сәуір**                    **Сәрсекеев Қоғабай Сәтенұлы**, жазушы, журналист, публицист, туғанына 80 жыл (1939-2014)
- 4 сәуір**                    **Тәтімов Мұхамедғали Қойшыбайұлы**, мемлекет қайраткері, туғанына 125 жыл (1894-1938)
- 12 сәуір\***                **Сәтбаев Қаныш Имантайұлы**, аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы, тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, туғанына 120 жыл (1899-1964)
- 15 сәуір**                **Қыдырбекұлы Балғабек**, жазушы, драматург, туғанына 90 жыл (1929-1995)

## МАМЫР

- 5 мамыр\***                **Жиенбаев Сағи**, ақын, туғанына 85 жыл (1934-1994)
- 5 мамыр**                **Жансүгіров Ілияс**, ақын, Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының алғашқы төрағасы, туғанына 125 жыл (1894-1938)
- 9 мамыр**                **Мұхаммедқызы Майра**, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 50 жыл (1969)
- 10 мамыр**                **Қазыбаев Кәкімжан**, жазушы, журналист, мемлекет қайраткері, туғанына 90 жыл (1929-1989)
- 12 мамыр**                **Жәмеков Жетес**, әнші-термеші, қолөнер шебері, туғанына 60 жыл (1959)





**28 мамыр\***  
**(1869)**

**Ақтөбе бекінісінің негізі қаланғанына 150 жыл**

## **МАУСЫМ**

- 1 маусым**            **Қарабалина Бақыт Тоқсанбайқызы**, күйші,  
Қазақстанның халық әртісі,  
туғанына 80 жыл (1939-1990)
- 15 маусым\***        **Молдағұлова Әлия Нұрмұхамедқызы**, Кеңес  
Одағының Батыры, мерген, ефрейтор,  
туғанына 95 жыл (1924-1944)
- 15 маусым**        **Сәдуақасов Қожахмет Сәдуақасұлы**, филолог,  
ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, филология  
ғылымдарының докторы, профессор, туғанына  
90 жыл (1929-1991)
- 30 маусым**        **Есенқарақызы Ханбибі**, жазушы, ақын,  
туғанына 70 жыл (1949)

## **ШІЛДЕ**

- 22 шілде**            **Кесоглу Лаки (Пантелей) Константинович**,  
эстрада әншісі, Қазақстан Республикасының  
халық әртісі, музыка педагогы, туғанына  
80 жыл (1939)
- 30 шілде\***        **Әуезова Ләйлә Мұхтарқызы**, тарихшы, тарих  
ғылымдарының докторы, туғанына  
90 жыл (1929-1993)



## ТАМЫЗ

- 9 тамыз**                   **Әбдіров Нүркен Әбдірұлы**, ұшқыш-шабуылдаушы, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1919-1942)
- 17 тамыз**                   **Сыздық Рәбиға**, тілші, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, туғанына 95 жыл (1924)
- 25 тамыз\***               **Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрылғанына 90 жыл (1929)**
- 29 тамыз**               **«Семей» ядролық полигоны**, сынақ аймағында бірінші атом бомбасын сынау өткізілді, жарылысқа 70 жыл (1949)

## ҚЫРКҮЙЕК

- 2 қыркүйек**           **Айтазин Қазтай**, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, туғанына 80 жыл (1939-1999)
- 3 қыркүйек**           **Елеукенов Шерияздан**, журналист, әдеби сыншы, филология ғылымының докторы, туғанына 90 жыл (1929)
- 10 қыркүйек\***       **Айталы Амангелді Әбдірахманұлы**, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР әлеуметтік ғылымдар Академиясының академигі, туғанына 80 жыл (1939)



**15 қыркүйек**      **Жармағамбетов Тобық**, жазушы, туғанына  
85 жыл (1934-1973)

**17 қыркүйек**      **Оспанов Марат**, қоғам қайраткері, туғанына  
70 жыл (1949-2000)

## ҚАЗАН

**15 қазан**      **Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас)**, ақын, жазушы,  
туғанына 125 жыл (1894-1939)

**25 қазан**      **Қонақбаев Серік**, боксшы, КСРО еңбек сіңірген  
спорт шебері, туғанына 60 жыл (1959)

## ҚАРАША

**14 қараша**      **Мұхитов Лұқпан**, домбырашы, педагог,  
Қазақстанның халық әртісі, туғанына  
125 жыл (1894-1957)

**15 қараша**      **Майлин Бейімбет Жармағамбетұлы**, жазушы,  
туғанына 125 жыл (1894-1938)

**22 қараша\***      **Жұбанов Есет Құдайбергенұлы**, ғалым,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
туғанына 90 жыл (1929- 2007)

**23 қараша**      **Елғондиева Заида**, ақын, туғанына 70 жыл (1949)



## ЖЕЛТОҚСАН

- 6 желтоқсан**      **Кекілбаев Әбіш**, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, туғанына 80 жыл (1939-2015)
- 12 желтоқсан**      **Жәкібаев Қасым Әбенұлы**, актер, Қазақстанның халық әртісі, туғанына 90 жыл (1929-2011)
- 15 желтоқсан**      **Ысмайлова Гулфайрус Мансүрқызы**, ҚазКСР халық суретшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, туғанына 90 жыл (1929-2013)
- 16 желтоқсан**      **Төлегенова Бибігүл Ахметқызы**, әнші, КСРО және Қазақстанның халық әртісі, туғанына 90 жыл (1929)
- 17 желтоқсан**      **Шонанұлы Телжан**, тілтанушы, ғалым-педагог, қоғам қайраткері, туғанына 125 жыл (1894-1938)
- 17 желтоқсан**      «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің жарық көргеніне 100 жыл (1919)
- 19 желтоқсан\***      **Жұбанов Құдайберген**, тіл маманы, түріктанушы туғанына 120 жыл (1899-1938)
- 25 желтоқсан**      **Оңғарсынова Фариза**, ақын, туғанына 80 жыл (1939-1914)
- 26 желтоқсан**      **Рысқұлов Тұрар**, Мемлекет және қоғам қайраткері, туғанына 25 жыл (1894-1938)



## ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ БЕЛГІСІЗ ҚАЙРАТКЕРЛЕР, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР ТІЗІМІ

- **Ахметов Темірбек**, күйші, композитор, Қазстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 100 жыл (1919-1952)
- **Бөкенбаев Малкеждар**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл (1924-2002)
- **Дөнентаев Сәбит**, ақын, туғанына 125 жыл (1894-1933)
- **«Жаршы» журналы**, редакторы Б.Майлин болған, жарық көргеніне 90 жыл (1929-1931)
- **Кенқияқ мұнайының** ашылғанына 60 жыл (1959)
- **Күлеев Бернияз**, ақын, туғанына 120 жыл (1899-1923)
- **Қалменов Алпысбай**, қоғам қайраткері, Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, туғанына 150 жыл (1869-1937)
- **Қалтайұлы Мақыш**, ағартушы, ақын, туғанына 150 жыл (1869-1916)
- **Қожағұлұлы Біржан сал**, әнші, композитор, ақын, туғанына 185 жыл (1834-1897)
- **Назымұлы Сәмет**, батыр, туғанына 275 жыл (1744-1839)
- 
- **Райымбергенов Ысқақ**, күйші, сазгер, туғанына 90 жыл (1929-1988)
- 
- **Тілепбергенұлы Қазанғап**, күйші – композитор, туғанына 165 жыл (1854-1921)
- 
- **Шәріпұлы Айса**, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі, туғанына 90 жыл (1929)



## МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРГЕ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

*1 қаңтар*

**НҰРАЛИН ҚЫЗМЕТ**  
*Туғанына 80 жыл (1939)*

1939 жылы 1 қаңтарда бұрынғы Қарабұтақ, қазіргі Хромтау ауданына қарасты Тасөткел аулының Ащы елді-мекенінде дүниеге келді.

Өлеңдері мен мақалалары мектепте оқып жүрген кезден жариялана бастады. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, 1974 жылы журналистік шығармашылығы үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды. 1969 жылы жас ақын – жазушылардың республикалық кеңесіне қатысты.

«Ленин туралы», «Балаларға базарлық», «Жас керуен» жинақтарына топтама өлеңдері енді. Ақтөбе қаласынан жеке жыр жинағы жарық көрді.

Нұралин Қ: Өмірбаян мен өлеңдері // Жәдігер: Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы / Ред.алқасының төрағасы Сағындықов Е.- Ақтөбе, 2006.-291 б.

Нұралин Қ: Өмірі мен өлеңдері // Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы / Мұсаев А. -Ақтөбе, 2006.-253б.

*22 қаңтар*

**СЕЙІТОВ АСЫЛБЕК**  
**ЖҰМАНҰЛЫ**  
*Туғанына 125 жыл (1894-1937)*

Дәрігер, Алаш қозғалысының қайраткері.

Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңесі аудармашысының отбасында өскен. Ол алдымен орыс мектебінде, содан соң Омбының классикалық ерлер гимназиясында оқыды.



1911 жылы Омбы гимназиясын бітіріп, Том мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен. 1916 жылы Ақмола уезінде ауылшаруашылығы бойынша санақ жұмыстары жүргізілгенде А.Сейітов оның оңтүстік бөлігі комиссиясын басқарады. Оны 1917 жылы бітіріп, Павлодар облысындағы Баянауыл бекетінде дәрігер болып жұмыс істеді. Халық арасында жиі кездесетін сүзек, безгек, тырысқақ ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастырды. Сондай-ақ, осы жылы қоғамдық саяси өмірге араласып, алдыңғы қатарлы зиялы қауымның қатарынан көрінді. 1917 жылы сәуірдің соңы мамырдың басында өткен Ақмола облыстық Қазақ сиезінде алдымен хатшылыққа, сиез соңында төрағаның орынбасарлығына сайланған. Осы жылы Орынборда өткен бірінші жалпықазақ сиезіне қатысып, онда ол төралқа құрамында М.Дулатовпен бірге хатшылыққа ұсынылады. Осы сиезде А.Сейітов Ақмола облысы атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа сайланған. Құрылтайға сайланған депутаттарға баға берілгенде «Қазақ» газеті ол туралы: «Асылбек Сейітов – жас доктор, қыз мінезді, ақ қағаздан ақ, ұлтшыл жас. Областной қазақ комитетінде председатель орынбасары» – деп жазған еді.

А.Сейітов Алашорданың Ақмола облыстық комитеті басшыларының бірі бола отырып, ұлт-азаттық қозғалысына үлкен үлес қосты. 1921 жылы Орынборда өткен Қазақстан дәрігерлерінің сиезіне, 1922 жылы Қазақ АКСР-і кеңестерінің сиезіне делегат болып қатысты. Ол Баянауылда бас дәрігер қызметін атқарған. 1922 жылдан бастап 15 жыл бойы Семей қасласындағы губерниялық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып жұмыс істеді. Семей облысында туберкулезді емдейтін «Ауыл» және «Березовка» санаторийлерін ашуға атсалысты (ол емдеу орындары осы күнге дейін жұмыс істейді). 1937 жылы Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау халық комиссариатының жоспарлау-қаржылау бөлімінің меңгерушісі, Алматы қаласындағы №5 емхананы алғаш ұйымдастырушылардың бірі және оның бас дәрігері болды. Оның «Таң» журналы беттерінде жарияланған публицистикалық мақалалары бар. 1937 жылы 1 желтоқсанда ұсталып, 8 желтоқсанда ату жазасына кесілді. Оның туған бауырлары Мұсылманбек және Мұратбек те «Алаш» партиясының мүшелері ретінде репрессияға ұшырады.





Сейітов Асылбек / Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.361

Сейітов Асылбек / Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – Б.286-287

Дулатова Г.М Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.

*4 ақпан*

**ЖҰБАНОВ БОЛАТ**

**АХМЕТҰЛЫ**

***Туғанына 90 жыл (1929-2014)***

Химик, ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ғылымына еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының, Қ.И.Сәтбаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Нью-Йорк ғылым академиясының мүшесі.

Жұбанов Болат Ахметұлы 1929 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданының № 9 ауылында дүниеге келген.

1952 жылы Д.И. Менделеев атындағы Мәскеу химия-технология институтын бітірген. Осы институт жанындағы аспирантураға ұсынылды. 1955 жылы кандидаттық, 1966 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

1956 жылдан бастап ҚазКСР ҒА жанындағы химия ғылымдары институтында жұмыс істеп, онда полимерлер синтезі зертханасының меңгерушісі болады. 20 жыл бойы, 1968 жылдан 1988 жылға дейін химия Институтының директоры болады. 1972 жылы химия-технология ғылымдары бөлімінің академигі болып сайланып, 1994 жылға дейін бөлімді басқарады.

1963 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-де химия факультетінің деканы, профессор Б.А.Бірімжановтың бастамасымен құрылған жоғары молекулалық қосылыстар химиясы кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалады. 1972 жылы химия-технология ғылымдары бөлімінің академик-хатшысы болып сайланып, бөлімді 1994 жылға дейін басқарады.





Содан бері профессордың шығармашылық ғұмыры химия факультетімен тығыз байланысты болды.

Ол Қазақстандағы полимерлік ғылым дамуының негізін қалаушысы, полимерлерлік химия және технология саласы бойынша мамандар даярлау ісіне зор үлес қосты.

Ол жоғары молекулалы қосылыстар химиясы саласындағы іргелі зерттеулерімен халықаралық дәрежеде белгілі, танымал ғылыми мектептің негізін салды. Оның ғылыми қызметіндегі, ерекше талшықтар мен құйылған заттар жасау үшін, полиамидтеу реакцияларының іргелі негіздерін зерттеу, триметилл қышқылының ангидриті негізінде жаңа гетероциклді полимерлерді синтездеу үшін пайдаланылатын жаңа мономерлер мен жылуға тұрақты полимерлерді, соның ішінде полиамидтерді алу ерекше орын алады. Бірқатар ароматты және гетероциклді қосылыстар мен малеин ангидридi және олардың поликонденсатталуының фотохимиялық белсенділігінің нәтижесінде жасалған полициклі құрылымдардың түрлі типтеріне қарай жасалған жаңа технология кеңінен танылды. Оның ғылыми қызметінде қазіргі кездегі емдеудің бірден-бір әдісі болып табылатын онкологиялық аурулардың химиялық терапиясы үшін жаңа дәрі-дәрмектер жасауға бағытталған зерттеулер ерекше орын алады. Қатерлі ісікке селективті жаңа имид қоспаларын (трициклодецентракарбон қышқылдарының димидтері) синтездеу, нақтырақ айтқанда оның өсуін ингибирлейтін және метастазалар пайда болуының алдын алу әдістері жасалды. Оның бастамасымен жүргізілген жұмыстардың үлкен бір бөлігі пролонгир әрекетті өкпе ауруына қарсы тиімді дәрі-дәрмектер жасаумен байланысты. Химия және полимерлер технологиясы саласындағы жоғары білікті кадрлар даярлау ісіне зор үлес қосты. Олардың ішінде 11 ғылым докторы және 90 ғылым кандидаты бар. Полимерлер химиясының өзекті мәселелері бойынша Англияда, Испанияда, Францияда, Германияда, Жапонияда және басқа да елдерде болған халықаралық конференцияларда баяндамалар жасады. «Химия поликонденсационных процессов», «Химический словарь» (на немецком, русском и казахском языках) атты еңбектердің авторы.



Қызметкерлермен бірігіп жазған 900-ден астам ғылыми мақаласы жарық көрді, КСРО 160 авторлық куәліктерінің, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы патенттерінің иегері.

Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы ордендерімен және КСРО медальдарымен марапатталған. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, Химия ғылымдары институтының Құрметті директоры.

1. Введение в химию поликонденсационных процессов. –Алма-Ата, 1974. -200с.

2. Триметилловая кислота и полимеры на ее основе (в соавт. С Б.В.Суворовым, С.А.Мошквичем). –Алма-Ата, 1975. -290с.

3. Полимерные материалы с лечебным действием (в соавт. С Е.О.Батырбековым, Р.М.Искаковым). –Алматы, 2000. -220с.

*4 ақпан*

**ТӘЖІБАЕВ**

**ӘБДІЛДӘ**

**Туғанына 110 жыл (1909-1998)**

Әбділда Тәжібаев - көрнекті ақын, драматург, әдебиет, театр зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ақмешітте (қазіргі Қызылорда қаласында) дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы жетім балалар интернатында тәрбиеленген. Одан кейін Шымкенттегі жеті жылдық мектепте оқыған.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті), Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курсты бітірген. Еңбек жолын 1926-1928 жылдар аралығында «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде пошта тасушы, содан кейін корректор болып бастаған. 1927 жылы «Жұмысшының гудогі» атты тұңғыш өлеңі «Жұмысшы» газетінде басылады.



Әрі қарай өлеңдері «Жұмысшы» және «Еңбекші қазақ» газеттерінде шығып тұрған. 1932-1934 жылдары Қарсақбайдағы «Қызыл кенші», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінде редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. Жиырма бес жастағы Ә.Тәжібаев 1934 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының хатшылығына, ал 1939 жылы оның төрағалығына сайланған. 30-жылдары ақынның «Жаңа ырғақ», «Лирикалар» деп аталған тұңғыш жинақтары жарық көреді. Белгілі «Оркестр», «Абыл», «Толағай» сынды романтикалық поэмалары мен М.Әуезовпен бірігіп жазған «Ақ қайың» деп аталатын тұңғыш пьесасы да сол жылдардың жемісі. Қазақ әдебиетінің сол кездегі маңдай алды таланттарының біріне айналған Әбділданы дарын сырын танығыш көреген М.Әуезов: «Қазақ поэзиясына әсерлі, сапалы көркем бір ағым кіргізіп келе жатқан ақын» деп бағалаған. Ә.Тәжібаев халықтық аңыздар мен сюжеттер негізінде жазылған «Мерген», «Кілемшілер туралы ертегі», «Аққу» «Күй атасы», тағы басқа біршама поэмаларды дүниеге әкелген. 1945-1948 жылдары Қазақ ҚСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының Жамбылтану бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1948-1958 жылдары шығармашылықпен айналысып, 1958-1960 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1960-1962 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының екінші хатшысы, 1962-1984 жылдары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты театртану бөлімінің аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1963 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болып сайланған. 1964 жылы ақынның «Жүректілер» атты пьесалар жинағы жарыққа шыққан. Бұл еңбекте «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдерестер», «Қыз бен солдат», «Монологтар» сияқты драмалық туындылары, «Той боларда», «Дубай Шубаевич» тәрізді комедиялары жинақталған. Оның «Өмір мен поэзия» «қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиялық зерттеулері, көптеген сын мақалалары жарияланған. Ол «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты зерттеу еңбекті құрастыруға қатысып, соңғы басылымының редакциясын басқарған.



«Жылдар, ойлар» атты еңбегінде Жамбыл, Нұрпейіс, Иса ақындар мен М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Жұбанов, тағы басқа әдебиет және өнер қайраткерлері жайлы естеліктерін жариялады. «Жаданның хаттары», «Хаттар сөйлегенде», «Өмір мен ерлік» атты сын, эссе, прозалық кітаптарында әдебиет пен өнерге қатысты толымды пікірлер айтқан. Ә.Тәжібаев жазушылығына қоса біраз жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданып, өмірінің соңғы жылдарын бірыңғай шығармашылыққа арнаған. Ә.Тәжібаевтің сценарийі бойынша (Н.Погодинмен бірге) «Жамбыл» кинофильмі түсірілген. А.Пушкин, Т.Шевченко, А.Островский, Г.Гейне, тағы басқа қаламгерлердің бірқатар шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған. Ә.Тәжібаевтің көптеген шығармалары шетел тілдеріне аударылған. «Октябрь Революциясы», 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Қызылорда қаласында көрнекті жазушылар Ә.Тәжібаев, З.Шүкіров, Қ.Мұхамеджановтарға ескерткіш орнатылған. Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы халық жазушысы, көрнекті ақын Әбділдә Тәжібаев есімімен аталады.

*21 ақпан*

***БАБАЖАНҰЛЫ БАУЫРЖАН  
Туғанына 50 жыл (1969)***

Бауыржан Бабажанұлы (Өтеулиев) 1969 жылы 21 ақпанда Қарақалпақстан Республикасы Мойнақ ауданында туған. 1986 жылы Қоңырат ауданындағы «Ленинизм» орта мектебін, 1995 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. 1995–1996 жж. ҚР ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, 1996–1999 жж. «Жалын» журналында, «Ана тілі» – «Жалын» бірлескен басылымдарында бөлім меңгерушісі, 2000 жылы «Алтын Орда» тәуелсіз апталығында бас редактордың орынбасары болып қызмет істеген. 2000 жылдан Ақтөбе облыстық «Ақтөбе» газетінің бас редакторы.



Өлеңдері «Толқыннан толқын туады», «Жас ақындар антологиясы» атты ұжымдық жинақтарға енген. 2001 жылы «Отырар кітапханасы» сериясымен «Аспан мен жердің арасы» («Елорда») және 2006 жылы «Уәде» («Жазушы») атты кітаптары жарық көрді. 2003 жылы Астана қаласында өткен халықаралық «Шабьт» фестивалінің «Әдебиет» номинациясы бойынша бас жүлдегері. 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» және «Астана қаласының 10 жылдығы» медальдарының иегері. 2008 жылы «Экспресс К» газетінің тек қана бас редакторлар арасында өткізілетін сайысында үздік шығып, басылымның Геннадий Толмачев атындағы сыйлығын иеленген.

**8 наурыз**

**ӨМІРЗАҚОВА ӘМИНА  
ЕРҒОЖАҚЫЗЫ**  
*Туганына 100 жыл(1919-2006)*

Театр және кино актрисасы, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтың, Жалпыкеңестік кино-фестивальде «ең жақсы әйел рөлі» (1964) сыйлығының, Қазақстан және Орта Азия республикаларының кино өнері бойынша өткен байқаудың 1-сыйлығының (1963), Алматы қаласында өткен Қазақстан және Орта Азия республикаларының 8-кино өнері байқауының (1969), «Тарлан» сыйлығының иегері.

1938 жылы Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік сахна өнері техникумының (кейін Ленинград театр, музыка және кинематография институты) қазақ студиясын бітірген. 1938-1940 жылдары Шымкент облыстық драма театрының актрисасы, 1940-1942 жылдары қазіргі Қазақ мемлекеттік академия драма театрының труппасында, 1942-1949 жылдры «Қазақфильм» студиясында қызмет атқарды. 1949 жылдан Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының (қазіргі Қазақ мемлекеттік академия жастар мен балалар театры) актрисасы болды.





Театр сахнасында тұңғыш ойнаған рөлі – М.Әуезовтің «Түнгі сарын» спектакліндегі Мөржан. Бұдан басқа ойнаған басты рөлдері қатарында Баян (Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»), Луиза (Ф.Шиллер «Зұлымдық пен махаббат»), Смеральдина (К.Гольдони «Екі мырзаға бір қызметкер»), Шәуәли (М.Ақынжанов «Ыбырай Алтынсарин»), Рәбиға (Ш.Хұсайыновтың осы аттас драмасында), Кенжегүл (І.Мұхамеджанов «Өзіме де сол керек»), т.б. бар. Киноға 1938 жылы Ленинград институтында студент болып жүрген кезден бастап түсе бастады. Оның алғашқы түскен фильмдері «Комсомольск», «Амангелді», «Алыптың әні».

Танымал еткен алғашқы үлкен рөл – 1945 жылғы «Абай өлеңдері» фильміндегі Ажардың рөлі. 1945-1963 жылдар аралығында «Жамбыл», «Қыз жігіт», «Қанатты сый», «Әрі қалжың әрі шын» фильмдеріне түсті. «Ана туралы жыр», «Тақиялы періште», «Жұлдызынды сақта», «Мама Роза» картиналарында ойнаған ана рөлдері нағыз қазақ анасының бейнесін айқын көрсетті.

ҚР-ның «Отан», КСРО-ның «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылған.

*16 наурыз*

**НАЙМАНБАЕВ ҚАЛДАРБЕК**  
**НАЙМАНБАЙҰЛЫ**  
*Туғанына 80 жыл (1939-2004)*

1939 жылы 16 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Асықата ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген. Еңбек жолын университетте оқып жүріп қазіргі «Жас Алаш» газетінің редакциясында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болып бастаған. 1970–1976 жж. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының бас редакторы, 1976–1984 жж. «Жалын» баспасының бас редакторы, директоры, 1984–1986 жж.



Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, 1986–1987 жж. Республикалық авторлар құқығын қорғау агенттігінің директоры, 1987– 1988 жж. «Ара – Шмель» журналының бас редакторы, 1988– 1992 жж. «Жазушы» баспасының директоры, 1990–1993 жж. Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің депутаты. 1991–1996 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы. 1992–2004 жж. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасы төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін атқарған.

«Даңқ тұғырында», «Қоштасқым келмейді», «Бастау», «Сол бір түн», «Үміт өткелі», «Беймаза қонақ», «Аптап», «Не хочу прощаться», «Ночная дорога», «Шілде» повестер мен әңгімелер жинақтары, «Ерлі-зайыпты екеуі және басқалары», «Біз сені күтеміз, Гүлзат», «Домалақ арыз», «Көктөбе», «От пен ойын» романдары жарық көрген. «Жана жыл алдында» атты пьесасы республикалық және облыстық театрларда қойылды.

*12 сәуір*

**СӘТБАЕВ ҚАНЫШ  
ИМАНТАЙҰЛЫ**

*Туғанына 120 жыл (1899-1964)*

Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты.

Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш.Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған.



«Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

*15 мамыр*

***ЖИЕНБАЕВ САҒИ***  
***Туғанына 85 жыл (1934-1994)***

Сағи Жиенбаев - 15 мамырда Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы Оймауыт ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтты бітіргеннен кейін, Жезқазған кенішінде мұғалім болып қызмет істеді. Сол кездері өлеңдері республикалық баспасөзде жариялана бастады.

1956 жылдан бірыңғай әдеби жұмыспен айналысты. «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат»), «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болды. Көп жылдар «Жазушы» баспасының поэзия редакциясын басқарды. Ғазиза Жұбанованың «Еңлік-Кебек», Базарбай Жұманиязовтың «Махамбет» операларының либреттосын жазған. Бірнеше ән текстерінің авторы. Ақын өлеңдері туысқан халықтар тілдеріне аударылған, шет ел тілдерінде басылған. А.Пушкин, М.Лермонтов, О.Туманян, В.Брюсов, Я.Смеяков, Р.Ғамзатов, Д.Кугультинов, М.Қаноатов өлеңдерін аударып жеке кітап етіп шығарды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.





Шығармалары: Қарлығаш. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1959; Сыйлық. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1960; Дала гүлі. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1961; Теңіз сыры. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1963; Таң алдында. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1964; Менің көршім. Поэмалар. А., «Жазушы», 1965; Қайырлы таң. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1965; 1966; Ақ толқын. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1967; Ор киік. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1969; Алтын қалам. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1971; Жадымдасың, жас күнім. Таңдамалы. А., «Жазушы», 1972; Әлия. Лирика. Поэма. А., «Жазушы», 1973; Оймауыт. Жырдастандар. А., «Жазушы», 1975; Ақ самал. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1976; Құралай салқыны. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1979; Бозторғай. Өлеңдер. А., «Жалын», 1980; Іңкәр дүние. Таңдамалы. А., «Жазушы», 1981; Жарық жұлдыздар. Поэмалар. А., «Жалын», 1983; Нан мен тұз. Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жазушы», 1984; Бақ құсы. Таңдамалы лирика. А., «Раритет», 2002; Алтын қалам. А., «Атамұра», 2003.

## *28 мамыр*

## **АҚТӨБЕ БЕКІНІСІНІҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНҒАНЫНА 150 жыл (1869)**

Ақтөбе қаласының тарихы 1869 жылдың 28 мамырында басталған. Бұл күні «Ақ төбе» деп аталған әскери бекінісінің негізі қаланған. 1999 жылдың наурызында өзінің «Ақтөбе» деген тарихи атауына ие болған қала советтік кезеңде Актюбинск деп аталды. 1869 жылдың мамырында Хобда мен Елек өзендерінің аралығына флигель-адъютант, граф фон Бог басқарған жасақ жіберілген. Осылай, Лев Баллюзек атындағы өлкенің әскери губернаторы Елек пен Қарғалы өзендерінің қосылысқан жерінде Ақ төбе бекінісін салуды тапсырған. Осы күні қаланың тарихы басталған.

1874 жылы Ақтөбе қаласының аумағында құрылыс салу бас жоспары алғаш рет әзірленген. Бұл құжат бойынша Актюбинск бірнеше аудандарға бөлінген: Оторвановка, Татар слободасы, Құрмыш ауданы. Сонымен бірге, қалада бес тұңғыш көше пайда болған: Георгиевский, Илецкий, Оренбургский, Крепостной, Гарнизонный.



Актюбинск қаласы баяу дамыды. Сонымен бірге, 1891-1892 жылдарында халқының үлкен бөлігі қаладан көшіп кеткен еді. Ал 1893 жылдан бастап қала тұрғындарының саны қайтадан көбейе бастады. 1895 жылы өлкеде 2263 адам қоныстанды. Қаланың тарихында Ташкент темір жолының салынуы ерекше орын алған. Ол 1902 жылы салынып, Ташкент – Орынбор бағытында қатынаған. Ташкент темір жолы Актюбинск қаласының экономикасына оң өзгерістер әкелген. Әсіресе, соғыс кезінде қаланың маңызы арта түсті. 101-ұлттық атқыштар бригадасы, 312-атқыштар дивизиясы, 29-миномет полкы және басқа да әскери бөлімдер, бөлімшілер осында жасақталған.

1940-1960 жылдары ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бой көтерді: хром қосындылары зауыттары, ауылшаруашылық машина жасау саласы, рентген аппаратурасын шығару саласы, сүт және ет комбинаттары, тігін фабрикалары және басқалар. ССРО кезінде Актюбинск қаласы индустриалды қалаға айналды. Сонымен қоса, өнеркәсіптік және мәдени орталық ретінде де белгілі болған.

1946 жылдан кейін де Ақтөбе тез дамып, өнеркәсіп және мәдени орталыққа айналды. Ақтөбеде 400 мыңнан астам адам тұрады.

Ақтөбе қаласы – батыс аймақта болып жатқан өзгерістерді тез қабылдап, Ресей империясындағы жаңалықтарға ден қойған. Қаланың бейнесі тарих тегеурінінде көп өзгерістерге ұшырап, бүгінде шырайлы шаһарға айналған. Бүгінгі Ақтөбе – өнеркәсібі, кәсіпкерлік және қаржылық құрылымдары, құрылысы, оның ішінде тұрғын үй құрылысы дамыған, сондай-ақ қолайлы коммуникациялары бар қазіргі заманға сай қала.

*15 маусым*

***МОЛДАҒҰЛОВА ӘЛИЯ  
НҰРМҰХАМЕДҚЫЗЫ  
Туғанына 95 жыл (1924-1944)***

Әлия (шын есімі Ілия, май дандас достары «Лия» деп атапты) Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова (1924 ж. 15 маусым),



Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қаз КСР – 1944 ж. 14 қаңтар, Псков облысының солтүстігіндегі Новосokolьники, Казачиха ауылы, РКСФР) – Кеңес Одағының Батыры (1944), снайпер, ефрейтор.

1924 ж. 15 маусымда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. Бала кезінде анасынан айырылып (1933 ж.), кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 ж. бастап Ленинград, Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйінде тәрбиеленген. Санкт-Петербургтегі 9-орта мектебінде оқыды. Оқудағы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Әлия Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері – Артекке жіберіледі. Артеkte батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Әлия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярослав облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай (1942) ЖШҚӘ-ға (Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері) майданға жіберу туралы өтініш жібереді.

1943 ж. Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 ж. бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты). Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944 ж. 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосokolьники ауданында қаза тапты.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға Новосokolьники ауданының Монакова ауылында жерленген.

Әлия есімімен көшелер, ондаған мектептер (Мәскеудегі № 891 орта мектебі, Шымкенттегі № 29 орта мектебі, Новосokolьники № 72 орта мектебі, Оралдағы № 38 орта мектебі), Әскери-теңіз флотының кемелері, Каспий жүк таситын теплоходы аталған. Ақтөбе, Астана, Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосokolьники қалаларында ескерткіштер орнатылған. Ақтөбеде облыстық мемориалды музей жұмыс жасайды.



*30 шілде*

**ӘУЕЗОВА ЛӘЙЛӘ  
МҰХТАРҚЫЗЫ  
Туғанына 90 жыл (1929-1993)**

Тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері.

1952 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих факультетін, 1952-1956 жылдары осы университеттің аспирантурасын бітірген. 1956-1962 жылдар аралығында Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында қызмет атқарды. 1963-1993 жылдары М.О.Әуезов тұрған үйде ашылған әдеби-мемориалдық мұражайдың меңгерушісі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әуезовтің шығармашылық мұраларын зерттеу бөлімін басқарды. М.О.Әуезов шығармаларына арқау болған оқиғалардың тарихи негіздерін зерттеуге арналған ғылым еңбектері үшін Қазақстан Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы берілген.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында өмірі мен шығармашылығына арналған кабинет ашылған.

*25 тамыз*

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ  
ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ  
Құрылғанына 90 жыл (1929)**

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған облысымыздағы ғылыми зерттеу, мәдени-ағарту, насихаттау жөніндегі ірі мәдени ошақтың бірі. 1929 жылы жергілікті өлкетанушылардың бастамасымен шаңырақ көтерді.

Бүгінге дейін жинақталған музей қорында 100 мыңға жуық экспонат есепке алынған. Олар - минерология, палеонтология, ботаника, археология, тұрмыс пен этнография, қол өнері мен зергерлік бұйымдар, космонавтика, нумизматика, сирек кітаптар, деректі құжаттар, фотоматериалдар коллекциялары.



Зергерлік өнердің өлкемізге ғана тән қайталанбас өзіндік ерекшеліктері бар 29 туындысы Түркияда Анкара, Стамбул қалаларында өткен көрмелерге қойылды.

Музей 1999 жылдан Красноярскідегі «Открытый музей» Халықаралық ассоциациясының, 2003 жылдан «Қазақстан Икомы»-Халықаралық музейлер кеңесінің Қазақстандық қауымдастығының мүшесі.

Біздің музейдің қызметі-тек оның коллекцияларын жинау, сақтау және есепке алумен ғана шектелмейді. Мұнда алуан түрлі экспозициялар мен көрмелер өткізіліп, ғылыми зерттеу экспедиция жұмыстары жүргізіледі. Біз мектептермен, колледждермен, жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас жасаймыз. Бізді жастардың тарихи сана-сезімін қалыптастыру, адамгершілікке, азаматтықа, отансүйгішітікке тәрбиелеу секілді ортақ міндеттер біріктіреді.

*10 қыркүйек*

**АЙТАЛЫ АМАНГЕЛДІ  
ӘБДІРАХМАНҰЛЫ**  
*Туғанына 80 жыл (1939)*

Айталы Амангелді Әбдірахманұлы 10.09.1939 жылы Астрахань облысы, Володар ауданында Болдырево селосында туған. 1957 жылы Астрахань облысындағы Володар педагогика училищесін бітіріп, бастауыш мектеп мұғалім болып жұмыс жасады.

1959 – 1964 жылдар аралығында Атырау (Гурьев) педагогика институтында оқыды. 1964 – 1967 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітіріп, 1968 жылы философия ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады.

1968 жылдан 1999 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде аға оқытушы, декан, философия және мәдениеттану кафедрасының менгерушісі, проректор қызметтерін атқарды. 1988 жылы Мәскеу қаласында философия ғылымдары докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 1988 жылдан профессор. Философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы әлеуметтану ғылымдарының академигі.





1999 жылы Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 2004 жылы Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты болып екінші рет сайланды. 2007 жылдың қыркүйегінен Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры. «Құрмет Белгісі» орденімен, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған.

«Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» /1999/, 2001 жылы «Парасат» орденімен марапатталған. 2009 жылы «Қазақстан ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» құрметті төсбелгісінің иегері. 2015 жылы президент жарлығымен жоғарғы мемлекеттік марапат III дәрежедегі «Барыс ордені» мен марапатталды. 2016 жылы «Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл» мемлекеттік медалімен марапатталған. Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері. «Білім беру саласының үздігі».

100-ден астам ғылыми-зерттеу еңбектері бар.

Ұлт мәселеріне арналған «Социализм и интернациональное воспитание масс» (1998), «Ұлттану» (2000), «Ұлт мұраты: депутат көзқарасы» (2003), «Байсалды ел байқаусыз қате жібермес» (2008) кітаптары мен 100 –ден астам ғылыми зерттеу мақалаларының авторы.

**22 қараша**

**ЖҰБАНОВ ЕСЕТ  
ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ  
Туғанына 90 жыл (1929- 2007)**

22.11.1929 жылы Ақтөбе қаласында туған. 2007 жылы 4 сәуірде дүниеден өтті.

Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы (1997), профессор (1996). Ақтөбедегі Н.Байғанин атындағы педагогикалық институттың дайындау бөлімін (1946), Абай атындағы педагогикалық институтты (1951) бітірген. 1951-1955 Петропавл педагогикалық училищесінің мұғалімі, мұғалімдер жетілдіру институтының қазақ тілі кабинетінің меңгерушісі, Солтүстік Қазақстан облысы оқу бөлімінің



326 нұсқаушысы, «Қазақстан мұғалімі» газетінің қызметкері (1955-1957), ҚР ҰҒА-ның Тіл және әдебиет институтының кіші ғылыми қызметкері (1957-1959), 1959-1961 жылы осы институттың аспиранты, 1962-1991 жылы аталмыш институттың кіші, аға ғылыми қызметкері. 1991 жылдан өмірінің соңына дейін Ақтөбе педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасында доцент, «Жұбановтану» зертханасының меңгерушісі. Проф. Е.Қ.Жұбановтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу эпосының тілі жөнінде» деген тақырыпта кандидаттық (1967), «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» атты докторлық (1997) диссертациялары қазақ әдеби тілі саласындағы көрнекті еңбектер қатарынан саналады. Сонымен қатар ғалым өз әкесі Қ.Жұбанов еңбектерінің таңдамалы бір томдығын (1966 ж.), академик Ахмет Жұбановтың «Ән-күй сапары» атты көлемді еңбегін, «Абай» энциклопедиясын, сондай-ақ ондаған академиялық жинақтар мен кітаптар шығаруға тікелей қатысты. Алғашқы монографиялары «Эпос тілінің өрнектері» және «Қазақ тілінің тарихи кездері» (ұжымдық) 1978, 1989 жылдары жарық көрсе, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу эпосының текстологиясы» (1994), «Қазақтың ауызекі көркем тілі» (1996) атты монографиялары – қазақ тіл біліміндегі соны да маңызды еңбектер екені даусыз. Сонымен қатар Есет Құдайбергенұлы он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» бесінші, алтыншы томдарын жасауға атсалысып, жалпы көлемі 8 баспа табақ жұмыс жазды. Профессор Е.Қ.Жұбанов өз болмысы, терең білім, зор адамгершілігі, ұстаздық пен ғалымдық жолдың тізгінін тең ұстау барысында көптеген мемлекеттік атақ-дәреже, жоғары атақтар мен марапатқа ие болған азамат. Ол 2005 жылы Мемлекеттік тіл саясатын жүргізудегі үлгілі еңбегі үшін марапатталып, Ақтөбе облысы әкімінің алғыс хаты мен автокөлікке ие болса, педагогикалық қызметтегі табыстары үшін «Қазақстан Республикасының білім озаты», Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері,



«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталып, 2003 жылы «Ақтөбе облысының құрметі азаматы», 2004 жылы «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» деген атақтарға ие болды.

*19 желтоқсан*

**ЖҰБАНОВ ҚҰДАЙБЕРГЕН  
ҚУАНҰЛЫ**  
*Туғанына 120 жыл (1899-1938)*

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өткен ғасырдың соңғы жылының соңғы айында – 1899 жылы 19 желтоқсанда дүниеге келді. Әкесі Қуан шағын дәулетті, шаруа қуған еңбек адамы болған. Жұбан әулетінің аталастары Темір уезінің қазіргі Ақтөбе облысындағы Темір-Орқаш болысына қарасты 9-ауылдағы Қосуақтам деген жерді жайлап-қыстайтын.

Әкесі Қуан 1919 жылы күзде 47 жасында сүзектен, келесі көктемде оның інісі Тәпен дүние салды. Еншісі бөлінбеген екі үйдің барша жанын асырап, қамқоршы болу бұғанасы қатпаған 20 жасар Құдайбергеннің басына түседі. Білім-таным деңгейі жоғары, жаңа орнап жатқан саяси-әлеуметтік құрылысты мейлінше қостаған Құдайберген Кеңестік жүйені нығайту ісіне де қызу кіріседі және белсене ат салысады. 1918-1920 жылдары көлденең Темір болыстық Совдептің әуелі хатшысы, кейін төрағасы болып, ал 1922-1925 жылдары Темір уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Қ. Жұбанов бұл кезеңде мынадай қызмет атқарған; 1923 жылдың желтоқсанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Темір уездік халық ағарту бөлімінде инспектор болып істейді. Ол 1928 жылдың желтоқсанына дейін губерниялық ағарту бөлімінде инспектор-методист болып істейді және Ақтөбе қаласында ашылған педтехникумның (осы күнгі педколледж) мұғалімі болады. Білім мен қажыр Құдайберген Жұбановты әрі қарай ілгері бастай береді; ол 1928 жылдың жазында Ленинградтағы Енукидзе атындағы





Түркі шығыс тілдері институтын бас-аяғы жарты жыл шамасында экстерн ретінде тәмамдап, тілші-түрколог дипломын алып қайтқаннан кейін оны сол 1928 жылдың соңында жоғары білімді тәжірибелі методист әрі ағарту ісін жақсы білетін практик-педагог ретінде Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға алдырып, Республикалық халық ағарту комиссариатына қызметке тағайындайды. 1929 жылы Қ. Жұбановты Қазақстанның астанасы Алматыдағы алғашқы кезде қазақ университеті деп, кейіннен ҚазПИ болып аталған, осы күнгі Абай атындағы ҚазМУ-дің түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер етіп шақырылады. Көп ұзамай, 1932 жылғы 1 қазанында Қ. Жұбанов қазақ тілі мен әдебиетінің біріккен кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады.

Қ.Жұбановтың профессорлық қызметі осылай басталады. Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры 1937 жылдың 19 қарашасына дейін осы қызметін абыройлы атқарып, қазақ тіл ғылымына ерекше еңбек сіңіреді. Құдайберген Жұбанов есімі бүгінде халқымыздың мақтанышына айналды. Бүгінде көрнекті ғалымның есімі мен еңбектері қазақ халқымен, оның тілімен бірге мәңгі жасай беретінінде еш күмән жоқ.



## ***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІ***

**16-17 желтоқсан** Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

## ***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕРІ***

**1-2 қаңтар** Жаңа жыл

**8 наурыз** Халықаралық әйелдер күні

**21-23 наурыз** Наурыз мейрамы

**1 мамыр** Қазақстан халқының бірлігі мерекесі

**7 мамыр** Отан қорғаушылар күні

**9 мамыр** Жеңіс күні

**6 шілде** Астана күні

**30 тамыз** Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

**1 желтоқсан** Қазақстан Республикасының Тұңғыш  
Президенті күні



## ***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МЕРЕКЕЛЕР***

<b>1 наурыз</b>	Алғыс айту күні
<b>7 сәуір</b>	Геолог күні – сәуірдің бірінші жексенбісі
<b>12 сәуір</b>	Ғылыми қызметкерлер күні
<b>21 сәуір</b>	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі күні
<b>21 мамыр</b>	Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні
<b>26 мамыр</b>	Химия өнеркәсібі қызметкерлерінің күні – мамырдың соңғы жексенбісі
<b>31 мамыр</b>	Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
<b>4 маусым</b>	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні
<b>5 маусым</b>	Эколог күні
<b>9 маусым</b>	Жеңіл өнеркәсіп қызметкерлерінің күні – маусымның екінші жексенбісі
<b>16 маусым</b>	Медицина қызметкер күні – маусымның үшінші жексенбісі
<b>23 маусым</b>	Мемлекеттік қызметші күні
<b>23 маусым</b>	Полиция күні



<b>28 маусым</b>	Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні
<b>1 шілде</b>	Ұлттық домбыра күні – шілденің бірінші жексенбісі
<b>2 шілде</b>	Дипломатиялық қызмет күні
<b>13 шілде</b>	Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің күні
<b>21 шілде</b>	Металлург күні – шілденің үшінші жексенбісі
<b>4 тамыз</b>	Көлік қызметкерлері күні – тамыздың бірінші жексенбісі
<b>11 тамыз</b>	Құрылысшы күні – тамыздың екінші жексенбісі
<b>18 тамыз</b>	Шекарашылар күні
<b>18 тамыз</b>	Спорт күні – тамыздың үшінші жексенбісі
<b>25 тамыз</b>	Шахтер күні – тамыздың соңғы жексенбісі
<b>1 қыркүйек</b>	Білім күні
<b>1 қыркүйек</b>	Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні – қыркүйектің бірінші жексенбісі
<b>8 қыркүйек</b>	Отбасы күні - қыркүйектің екінші жексенбісі
<b>15 қыркүйек</b>	Қазақстан халқы тілдерінің күні - қыркүйектің үшінші жексенбісі
<b>29 қыркүйек</b>	Еңбек күні - қыркүйектің соңғы жексенбісі
<b>29 қыркүйек</b>	Машина жасаушы күні – қыркүйектің соңғы жексенбісі



<b>28 қыркүйек</b>	Атом саласының қызметкерлері күні
<b>30 қыркүйек</b>	Әділет органдары қызметкерлерінің күні
<b>6 қазан</b>	Мұғалім күні – қазанның бірінші жексенбісі
<b>19 қазан</b>	Құтқарушы күні
<b>27 қазан</b>	Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні – қазанның соңғы жексенбісі
<b>8 қараша</b>	Статистика күні
<b>15 қараша</b>	Ұлттық валюта – теңге күні, қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі
<b>17 қараша</b>	Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні – қарашаның үшінші жексенбісі
<b>6 желтоқсан</b>	Прокуратура күні
<b>12 желтоқсан</b>	Кедендік орган қызметкерлері күні
<b>15 желтоқсан</b>	Энергетик күні – желтоқсанның үшінші жексенбісі



## *ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ*

### **А**

Абдуллин Х.Ж. 5  
Айманов Ш.К. 5  
Айтазин Қ. 9  
Айталы А.Ә. 9, 28  
Арыстанбеков Х.А. 6  
Ахметов Т. 12

### **Ә**

Әбдіров Н.Ә. 90  
Әуезова Л.М. 8, 27

### **Б**

Бабажанұлы Б. 5, 19  
Байбекұлы Ә. 6  
Бөкенбаев М. 12

### **Ғ**

Ғаббасұлы С. 5

### **Д**

Дербісалин Ә.Ж. 5  
Дөнентаев С. 12

### **Е**

Елғондиева З. 10  
Елеукенов Ш. 9  
Есенқарақызы Х. 8

### **Ж**

Жансүгіров І. 7  
Жармағамбетов Т. 10  
Жәкібаев Қ.Ә. 11

Жәмеков Ж. 7

Жиенбаев С. 7, 23  
Жұбанов Б.А. 5, 15  
Жұбанов Е.Қ. 10, 29  
Жұбанов Қ.Қ. 11, 31

### **З**

Затаевич А.В. 6

### **К**

Кәрменов Ж. 6  
Кекілбаев Ә. 11  
Кесоглу Л.К. 8  
Күлеев Б. 12

### **Қ**

Қазыбаев К. 7  
Қалменов А. 12  
Қалтайұлы М. 12  
Қарабалина Б.Т. 8  
Қастеев Ә. 4  
Қожағұлұлы Б. 12  
Қонақбаев С. 10  
Қыдырбекұлы Б. 7

### **М**

Майлин Б.Ж. 10  
Мәмбетов І.Т. 4  
Молдағұлова Ә.Н. 8, 25  
Мұсабекова Ә. 4  
Мұхаммедқызы М. 7  
Мұхитов Л. 10



**Н**

Назымұлы С. 12  
Найманбаев Қ.Н. 6, 21  
Нұралин Қ. 4, 13

**О**

Оңғарсынова Ф. 11  
Оспанов М. 10

**Ө**

Өмірзақова Ә.Е. 6, 20

**П**

Пангереев А.Ш. 4

**Р**

Райымбергенов Ы. 12  
Рысқұлов Т. 11

**С**

Салғарин Қ. 6

Сағатов М. 4

Сәдуақасов Қ.С. 8

Сәрсекеев Қ.С. 7

Сәтбаев Қ.И. 7, 22

Сейітов А.Ж. 4, 13

Сейфуллин С. 10

Сыздық Р. 9

**Т**

Тәжібаев Ә. 5, 17

Тәтімов М.Қ. 7

Төлегенова Б.А. 11

Тілепбергелұлы Қ. 12

**Ш**

Шәріпұлы А. 12

Шонанұлы Т. 11

**Ы**

Ысмайлова Г.М. 11



## **МАЗМҰНЫ**

<i>Алғы сөз</i> .....	3
<i>Қазақстан Республикасы және Ақтөбе облысы бойынша аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі</i> .....	4
<i>Туған күні, айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі</i> .....	12
<i>Мерейтойлық күндерге қысқаша анықтама</i> .....	13
<i>Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі</i> .....	33
<i>Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері</i> .....	33
<i>Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер</i> .....	34
<i>Есімдер көрсеткіші</i> .....	37





